

**ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

---

ТІҮа 7201 – Техникалық шетел тілі

6D074700 – ПҚК іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері

3 кредит

## АЛҒЫ СӨЗ

**1** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтары бойынша Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіндегі оқу-әдістемелік бірлестігі **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН.**

**2 ШКІР ЖАЗҒАНДАР:** С.Т. Бейсембаева, фил. ғыл. док., Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің доценті; Г.И. Байғұнысова, фил. ғыл. док., «Болашақ» Қарағанды университетінің доценті.

**3** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН** (ҚР БҒМ 2014 ж. 03 қарашадағы № 03-3/529 хаты).

**4** Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 тамыз 2012 ж. № 1080 Қаулысымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 16 тамыз 2013 ж. № 343 бұйрығымен бекітілген 6D074700 – ПҚК іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері мамандығының типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген.

**5** Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің «22» қазан 2014 ж. отырысында **ҚАРАЛҒАН**, № 1 хаттама.

## Түсіндірме хат

Шетел тілдерін зерделеу ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды жалпы білім беретін кәсіптік даярлаудың қажетті және ажырамас құрама бөлігі болып табылады. Шетел тілін білу ғылыми ақпаратқа қатынасты жеңілдетеді, халықаралық ғылыми байланыстарды ретке келтіруге көмектеседі және ғалымның кәсіби деңгейін жоғарылату мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Жаһандану процестеріне байланысты ғылымдағы, мәдениет пен білім берудегі шоғырландыру бағыттары күшейіп келеді, бұл барлық шоғырландыру процестерінің делдалы ретіндегі шетел тілінің ролін арттырады. Атап айтқанда, тіл жеке тұлғаның қатынасу, тану және қалыптасу процестерінің бірлігін іске асырады. Осы жағдайларда зерделеу мақсаттары мен міндеттері докторанттың кәсіби даярлығының және ғалым ретінде қалыптасуының мақсаттарымен және міндеттерімен түйіседі, яғни, тіл бір мезгілде және ғылыми қатынас шарттарына сәйкес ғылыми білім қоршалатын нысан ретінде ғылыммен бірге меңгеріледі. Қазіргі заманда тілді зерделеу кезінде ғылымды дискурсивті практика ретінде түсіну ғылыми дискурс құрылымдары мен стратегияларын, қатынас түрлері мен құралдарын басым білуді, сондай-ақ, оны басқару ептілігін талап етеді.

Шетел тілін зерделеу курсы кәсіби-бағдарланған және қатынастық сипатта болады. Оның мақсаттық әзірлемесі ЖОО кейінгі білімді жаңарту және оның мазмұнын нақтылау қажеттілігімен қамтамасыз етілген.

Оқытудың мақсаты шетел тілін ғылыми-педагогикалық қызметтің әр түрлі салаларында мәдениетаралық, жеке тұлғааралық және кәсіптік қатынас құралы ретінде меңгеру болып табылады.

Кәсіби және ғылыми мақсаттар үшін шетел тілін жетілдірілген деңгейде зерделеу мамандықтың ғылыми-түсініктік аппаратын еркін басқаруға, ғылыми-ақпараттық базаны кеңейтуге, ғылыми ақпаратты түсіндіруге, дәлелдеуге, сендіруге, ғылыми полемика, академиялық жазу ептілігін меңгеруге мүмкіндік береді.

Берілген пәнді зерделеу нәтижесінде докторанттың:

материалды зерделенетін шетел тілінде ғылыми баяндаудың функционалды-стистикалық сипаттамаларын; шетел тіліндегі мамандыққа сәйкес келетін жалпы ғылыми терминологияны және терминологиялық астарлы тілді; халықаралық ынтымақтастық шеңберінде іскерлік хат жазысу негіздерін *білуі тиіс*;

білімнің сәйкес саласы бойынша шетел тіліндегі сайма-сай әдебиетті еркін оқу және шетелдік көздерден алынған ақпаратты аударма, реферат, түсініктемелер түрінде ресімдеу; анықтамалық және ғылыми әдебиеттер түрлері мен жанрларын ажырата білу; ғылыми қатынастың этикеттік түрлерін пайдалану; ғылыми жұмыспен байланысты тақырыптар туралы өз ойларын жазбаша баяндау (ғылыми мақала, тезистер, баяндама, аударма, реферат және түсініктеме жазу) *ептілігі болуы тиіс*;

- мамандық және қоғамдық-саяси мәселелер бойынша монологтық, диалогтық және полилогтық түрде ауызша қатынасу (баяндама, хабарлама, таныстыру рәсімі, дөңгелек үстел басында сұхбаттасу, пікірталас, қорытынды шығару және т.с.с.);

- өз ойларын пікірі басым әр түрлі композициялық-сөйлеу типтерінде шығармашылық түрде білдірудегі жазбаша сөзде және ғылыми мақсаттардағы жазбаша дискурс түрлерінде білдіру(жазба пікір, пікір, мақала және т.б.);

- кәсіби қатынас мақсатында есту арқылы қабылданатын ғылыми ақпаратты пайдалану үшін аудиоматериалды толық және сындарлы түсіну;

- ғалымдарды елімізде және шетелде даярлаудың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін таңдалған мамандық бойынша ірі ғылыми орталықтар зерттеулерінің жетістіктері мен деңгейін айқындау және салыстыру *дағдылары болуы тиіс*;

шетел тілін мәдениет аралық кәсіби қатынас құралы ретінде қатынастық құзыреттің барлық кешенінің құрамында (лингвистикалық, дискурстық, әлеуметтік-мәдени және кәсіптік қызмет) пайдалануда *құзыретті болуы тиіс*.

## Мазмұны

Кіріспе

- 1 Шетел тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар
- 2 Сөйлеу қызметінің түрлерін практикалық меңгеруге қойылатын талаптар
- 3 Тілдік материал
- 4 Докторанттың өздік жұмысы тақырыптарының үлгілі тізбесі
- 5 Қорытынды бақылау  
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі  
Авторлар ұжымы



# ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

---

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Докторантура

6D074700 – ПҚК іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері мамандығы

---

## **Кіріспе**

Докторанттарды басқа тілде даярлау мақсаттарына сәйкес курстың мазмұны маманның кәсіби және ғылыми қатынасының жорамалданатын салаларында сөйлеу қызметінің әр түрлеріне үйрету болып табылады.

Курстың тақырыптамалық мазмұны екі бағытта іске асырылады: шетел тілінде ауызша және жазбаша қатынасу.

Ауызша қатынастың тақырыптамалық мазмұны:

- ғылымның қоғам дамуындағы ролі;
- зерделенетін тіл елдеріндегі докторанттың ғылыми мүдделері саласындағы ғылымның жетістіктері;
- докторанттың ғылыми зерттеу тақырыбы;
- ғылыми сферадағы халықаралық ынтымақтастық: халықаралық ғылыми семинар (конференция, конгресс, симпозиум, пікірталас); халықаралық сапарлар (көрмелерге қатысу, шетелде машықтану); бірлескен жобаға қатысу, жоба тұсаукесері.

Жазбаша қатынасу түрлері:

- ғылыми аударма;
- ғылыми реферат және түсініктеме жазу;
- түйін, тезистер, баяндама, мақала;
- іскерлік хат-хабар.

## **1 Шетел тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар**

Докторантурада шетел тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптардың негізіне білім беру мекемелерінің барлық түрлері үшін тілдерді үйрену деңгейіне қойылатын талаптарды бірыңғайландыратын шетел тілдері бойынша жалпы еуропалық құзырет стандарты салынған. Шетел тілін меңгерудің халықаралық стандартына сәйкес докторанттар білімі C2+LAP+LSP+VOLL деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

Сөйлеу қызметінің әр түрлеріне үйрету олардың жиынтығында және әрқайсысының өзгешелігі есепке алынып, өзара байланыста жүзеге асырылуы тиіс. Берілген курста қызметтің сол немесе басқа түрінің белгілі деңгейіне қол жеткізуде анықтаушы фактор шетел тілін практикалық меңгеру үшін кәсіби-техникалық бағытталушылықты талап ету болып табылады.

## 2 Сөйлеу қызметінің түрлерін практикалық иеленуге қойылатын талаптар

### 2.1 Сөйлеу

#### А. Диалогтық сөйлеу.

Оқу аяғына қарай докторант зерделенген тілдік материал шамасында және таңдалған мамандыққа сәйкес ғылыми және кәсіби қатынасу жағдайларында дайындалған (монологтық), сондай-ақ дайындалмаған (диалогтық және полилогтық) сөйлеуді меңгере білуі тиіс:

- баяндамаларды, хабарламаларды, сентенцияларды, дәйексөздерді және т.б. талқылау кезіндегі пікірталас (топтық полемика);

- сұхбат;

- еркін әңгімелесу.

Докторант келесі қатынас актілерін жүзеге асыра білуі тиіс:

- полилогтық қатынастың әр түрлеріне қатысу; идиомалық айтылуды пайдалану; айтылудың алуан түрлі тәсілдерін пайдаланып, мағына реңдерін беру;

- қатынастың жеке, қоғамдық және кәсіптік салаларында тілдік шектеуді сезінбей әңгіме жүргізу;

- егер тілдік құралдарды пайдаланғанда қиындықтар пайда болса, өзінің айтатынын жылдам қайта фразалау.

Докторант қатынас функцияларына сәйкес:

- көтерілетін мәселелердің маңыздылығын, қазіргі қажеттілігін айқындауы;

- даулы сұрақтарды, қарама-қайшылықтарды өз бетімен айқындауы;

- пікірталас барысын жоспарлауы;

- әңгімелесушінің қатынастың белсенділігін ынталандыру тәсілдерін таңдауы;

- олардың жауаптық реакцияларын (оппоненттердің контрдәлелдерін) болжауы;

- пікірталас барысын реттеуі;

- әңгіменің тақырыбын шеберлікпен өзгертуі, консенсусқа келтіруі;

- бірге ойлануға түрткі болуы;

- мәселені тұжырымдауы және дәлелдеуі;

- өз көзқарасын қолдауы;

- кеңінен дәлелдеуге, әдебиеттер көздеріне, беделді адамдарға және т.с.с. сүйеніп дәлелдеуі;

- ұсыныстар, ерекше идеялар ендіруі;

- оқиғаларға, құбылыстарға, тақырыптарға жан-жақты баға беруі;

- полемика қорытындыларын түйіндеуі;

- ресми/ресми емес қатынас, идиомалық айтылуды кеңінен пайдаланып, сөйлеу мәдениетінің нормаларын сақтауы тиіс.

*Диалогтық және полилогтық ептіліктердің қалыптасқандығы деңгейін бағалау критерийлері:* материалдардың мазмұнын және оны талқылаудың әр түрлерін еркін және кәсіби-бағдарланған түрде пайдалану; сөйлеудің



игерілмеуі және қарқындылығы (суырып салып айтуға, рольдерді ауыстыруға қабілеттілік, жағдайдың өзгеруін және серіктестердің сөйлеу тәртібін болжау). Сөйлеу бейнелілігі және әсерлілігі; жағдайлық-себептелген стильдік регистрлерде қатынастық интенцияларды барабар білдіру үшін қажетті сөйлеу құралдарын меңгеру.

**Б. Монологтық сөйлеу:** баяндау, сипаттау, хабарлау, ой жүгірту, бағалау, талдап беру, шолу, түсінік беру, түйін, полемика.

Докторант:

- тілдік ресми және ресми емес қатынас құралдарының кең спектрін пайдаланып, ойын тез және еркін айтуы;

- логикалық құрылымы тыңдаушылардың елеулі сәттерді байқауға және ескертуге көмектесетін айтылуды құруы;

- мағынасын өте дәл беру үшін логикалық екпінді және дауыс ырғағын пайдаланып, тез және күш салмай хабарламалар жасауы;

- кәсіптік қызметпен байланысты ғылыми мәселелер бойынша хабарламалар, баяндамалар жасауы;

- өзінің ғылыми тақырыбы бойынша өрістетілген дәлелдеме беруі;

- қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың ролі туралы айтуы;

- кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі фактілерге түсінік беруі;

- өзінің кәсіптік қызметімен байланысты мәселелер бойынша сұхбаттасуда немесе пікірталаста өз көзқарасын дәлелдеуі;

- қорытынды жасай білуі тиіс.

*Монологтық ептіліктердің қалыптасқандығы деңгейін бағалау критерийлері:* айтылыстың мазмұндылығы; тақырыпқа, қатынастық мақсатқа сәйкестік, айтылыс көлемі, кәсіби ұғыну; құрылымдық дұрыстық және аяқталғандық; сөйлеу пәрменділігі; сөйлеудің тілдік дұрыстығы.

## **2.2 Тыңдау**

Дыбыс жазғанда ақиқатты кәсіби-бағдарланған мәтіндерді есту арқылы қабылдағанда, докторант:

- зерделенген тілдік материалға, фондық елтану және кәсіптік білімге, тілдік және контекстік болжам дағдыларына сүйеніп, мамандық бойынша ерекше монологтық және диалогтық сөйлеуді есту арқылы түсіне білуі;

- тікелей немесе жанама қатынасқанда (радио, телеарна және т.б.) кез келген сөйлеуді есту арқылы қабылдауы және түсінуі;

- тілдің сөйлесу орамдары, идиомалық айтылу және т.б. жиі кездесетін сөйлесулерді түсінуі;

- дерексіз және күрделі арнайы тақырыптарға сөйлескенде, тілді таратушыны түсінуі;

- дыбыс жазғанда (тілді таратушы) мамандық бойынша бірнеше шағын мәтінді тыңдауы, оларды нақты логикалық құрылымы бар тұтас деректі мәтінге біріктіруі;

- дыбыс жазғанда бірнеше кәсіби-бағдарланған мәтінді тыңдауы, ақпаратты ақпараттың маңыздылығына немесе оның күрделілену дәрежесіне сәйкес жүйелілікте қоюы;

- тыңдалған ақпаратты оның кәсіби маңыздылығы көзқарасынан бағалауы;

- тыңдалған ақпарат негізінде типтік кәсіби-бағдарланған есептерді және тест тапсырмаларын шешуі;

- тыңдалған ақпарат негізінде кәсіби-маңызды міндеттерді тұжырымдауы тиіс.

*Тыңдау шеберлігі деңгейін бағалау критерийлері:* түсіну толықтығы (тест тапсырмаларын орындаудың дұрыстығы); түсіну дәлдігі (тілдік және контекстік болжамның тұжырымдалғандығы деңгейі); аудиомәтінді түсіну тереңдігі (оны сындарлы ұғыну); тыңдалғанды бағалаудың дербестілігі және дәлелденгендігі.

### **2.3 Оқу**

Докторант:

- зерделенген тілдік материалға, фондық елтану және кәсіптік білімге, тілдік және контекстік болжам дағдыларына сүйеніп, мамандығы бойынша ерекше ғылыми әдебиеттерді еркін түсінуі және өзінің ғылыми жұмысында пайдалануы;

- оқудың барлық түрлерін меңгеруі (зерделеуші, таныстырушы, ізденуші және қараушы);

- оның кәсіби қызмет үшін маңыздылығы көзқарасынан тұрлаулы, тұрлаусыз және артық ақпаратты ерекшеленуі;

- мәтінде баяндалған, ақпаратқа қосымша ізденіс жүргізуі;

- мәтіндегі объектілерді, ұғымдарды жіктеуі, салыстыруы;

- бірнеше мәтіннен алынған ақпаратты жалпылап қорытуы (синтездеуі);

- кәсіби-маңызды мәселелерді қою және шешу үшін ақпарат табуы;

- жеке-маңызды ақпаратты ерекшеленуі;

- пікірталас, сұхбаттасу кезінде өз көзқарасын дәлелдеуі үшін пайдаланылуы мүмкін болатын сөйлемдерді, азат жолдарды табуы;

- мәтінде баяндалған жайттарға, оқиғаларға түсінік беруі;

- мәтінде оның мазмұны туралы алдын ала гипотезаны растайтын не болмаса жоққа шығаратын жайттарды табуы;

- оның мазмұнын тақырыбы, түрі, иллюстрациялары және т.б. бойынша болжауы;

- баяндама, хабарлама үшін ақпаратты іріктеуі тиіс.

*Ғылыми мәтінді оқу ептілігінің қалыптасқандығының деңгейін бағалау критерийлері:* мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну (сұрақтарға жауап беру, тест тапсырмаларын орындаудың дұрыстығы); мәтінді түсіну тереңдігі (мағынасы деңгейінде); мәтінді мағыналық түсіндірудің негізделгендігі, дәлелділігі, кеңдігі; керекті ақпаратты табу жылдамдығы.

### **2.4 Жазбаша сөз**

Докторант:

- оқылғанның жоспарын (қысқаша жазбасын) құрастыра білуі;

- оқылғанның мазмұнын түйін түрінде баяндауы;

- жүргізілетін зерттеу тақырыптары бойынша хабарламалар немесе баяндамалар жазуы;

- негізгі ойларын қысқа баяндауы, оларды жүйелендіруі, мәтіннің ерекшеленген бөліктері және т.б. арасында (реферат жазғанда) мағыналық қатынастарды анықтауы, реферат-түйін, реферат-қысқаша жазба, шолу рефератын құрастыруы;

- пікірлер жазғанда ғылыми мақалалардың сындарлы талдауын жүзеге асыруы;

- мәжілістің, кеңестің күн тәртібін құруы тиіс.

*Аталған ептіліктердің қалыптасқандығы деңгейін бағалау критерийлері:* баяндау қисындылығы, жүйелілігі және дәлелділігі; тілдік мазмұндылығы (кеңдігі, лексикалық қаныққандығы, ақпараттылығы); шығармашылық амал (талдау, баяндалатын ақпаратқа өз қатынасын білдіру); тілдің дұрыстығы (дискурстың кәсіби көрсеткішіне сәйкес тілдік құралдарды таңдаудың барабарлығы).

### **3 Тілдік материал**

#### **3.1 Фонетика**

Айтылуды түзету бойынша, дауыстап оқығанда және ауызша айтқанда айту дағдыларын жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылады. Мағынасын ажырату факторларына басты мән беріледі:

– сөйлемді интонациялық дайындауға (интонация-мағыналық топ-синтагмаларға бөлу, фразалық және соның ішінде логикалық екпінді дұрыс қою, әуен, паузация);

– сөздік екпінге (екі буынды және көп буынды сөздерде, соның ішінде туынды және күрделі сөздерде; конверсия болғанда екпінді ауыстыру);

– дауысты дыбыстардың созылымы мен қысқалығына, жабықтығы мен ашықтығына, дауыстылардың назалдануына (француз тілі үшін), соңғы дауыссыздардың ұяңдығына (ағылшын тілі үшін) және қатандығына (неміс тілі үшін).

Оқуға арналған мәтіндердің материалында да, арнайы фонетикалық жаттығуларда және зертханалық жұмыстарда айтылумен жұмыс істеу жүргізіледі.

Сөйлемді интонациялық дайындау: сөздік, фразалық және логикалық екпіндер, әуен, паузация; фонологиялық қарама-қарсы қою, зерделетнетін тіл үшін релевантты: дауысты дыбыстардың созылымы/қысқалығы, жабықтығы/ашықтығы, соңғы дауыссыздардың ұяңдығы/қатандығы және т.с.с.

#### **3.2 Лексика**

Лексикамен жұмыс істегенде докторанттың мамандығы бойынша мәтіндердің лексикалық құралдарының өзгешелігі, көмекші және жалпы ғылыми сөздердің көп мәнділігі, сөз жасам механизмдері (соның ішінде терминдер мен интернационалдық сөздердің), синонимия және омонимия құбылыстары есепке алынады.

Докторант жазбаша сөзде жиі кездесетін өзі зерделейтін астарлы тілдің қолданылатын тұрақты тіркестерді, сондай-ақ, іскерлік қатынас

жағдайларындағы ауызша тілге тән сөздерді, сөз тіркестерін және фразеологизмдерді білуі тиіс.

Сондай-ақ қысқартулар мен шартты белгілерді білуі және өрнектерді, символдарды және т.с.с. дұрыс оқи білуі қажет.

Докторант зерделенетін астарлы тілде мәндердің өзінің рендері бар терминдер мен сөздердің жұмыс сөздігін жүргізуі тиіс.

Берілген бағдарламамен көзделген оқудың аяғына қарай докторанттың лексикалық қоры бейінді мамандықтың шамамен 500 терминін қоса алғанда, ЖОО минимумын және академиялық лексиканы есепке алғанда, кемінде 5 500 лексикалық бірлікті құруы тиіс.

### **3.3 Грамматика**

Бағдарлама техникалық шетел тілі бойынша ЖОО курсының грамматикалық минимумын білуді және практикалық меңгеруді жорамалдайды. Мамандық бойынша ғылыми әдебиетті оқу және аудару үшін қажетті грамматикалық материал білімін тереңдету және жүйелендіру кезінде сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің айтылу және танылу құралдарына, сөйлем мүшелерінің шекараларын анықтауға (сөйлемді синтаксистік мүшелену); ғылыми тіл стиліне тән күрделі синтаксистік конструкцияларға: жақсыз етістік түрлері негізіндегі орамдарға, пассивті конструкцияларға, көп элементті анықтамаларға (атрибуттық кешендерге), ықшамдалған грамматикалық конструкцияларға (шылаусыз бағыныңқыларға, эллипстік сөйлемдерге және т.с.с.); эмфатикалық және инверсиялық құрылымдарға; сөйлемнің мағыналық (логикалық) орталық айтылу құралдарына және модальдылыққа негізгі назар аударылады. Мамандық бойынша ғылыми әдебиеттерді оқу және аудару үшін қажетті білімді тереңдету және жүйелендіру кезінде сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің айтылу және танылу құралдарына, сөйлем мүшелерінің шекараларын анықтауға негізгі көңіл бөлінеді. Аталған құбылыстардың ерекшеліктерін және аудару тәсілдерін меңгерудің аса маңызды мәні бар.

Ауызша тіл дағдыларын дамытқанда сөйлемдердің қатынастық типтерінің аспектіінде де, хабарлы сөйлемнің ішінде де сөздердің ретіне; құрылымдық грамматикалық элементтердің (есімдіктердің, қосымша етістіктердің, үстеулердің, предлогтардың, шылаулардың) қолданылуына; ауызша тілге тән етістік түрлеріне; сын есімдер мен үстеулерді салыстыру дәрежелеріне; модальдылықтың айтылу құралдарына ерекше назар аударылады.

#### ***А. Ағылшын тілі бойынша грамматикалық тақырыптар.***

1. Ағылшын тілі етістіктерінің өздік және ырықсыз етістердің көріністік-уақытша түрлері.

2. Шақтарды қиыстыру.

3. Тұйық етістік.

4. Шартты рай.

5. Күрделендірілген синтаксистік құрылымдар.

6. Тұйық рай түрлері мен функциялары (тұйық рай бастауыш, анықтауыш, пысықтауыш қызметінде).

7. Есімше түрлері мен қызметі.

8. Көсемше.

9. Модальді етістіктер және олардың баламалары. Жай және перфектті тұйық етістіктен тұратын модальді етістіктер.

10. Анықтауыштық жиынтық (зат есімдердің тізбегі).

11. Созылыңқы немес ырықсыз етіс түріндегі эмфатикалық (оның ішінде, инверсиялық) конструкциялар; инвертирланған басыңқы бағыныңқы немесе себеп-салдарлық; қос терістеу.

#### ***Б. Неміс тілі бойынша грамматикалық тақырыптар.***

1. Бағыныңқы құрмалас сөйлем.

2. Ырықсыз етістің шақ формалары.

3. Есімше.

4. Оқшауланған есімше орам.

5. Модальді құрылымдар.

6. Тұйық рай.

7. Төлеу сөздегі шартты рай.

8. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.

#### ***В. Француз тілі бойынша грамматикалық тақырыпта.***

1. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және оны көрсетудің тәсілдері.

2. Күрделі сөйлем.

3. Шақтардың қиысуы.

4. Ырықсыз етістің шақ формалары.

5. Жақсыз құрылымдар.

6. Тұйық рай.

7. Күрделендірілген синтаксистік құрылымдар.

8. Есімше. Абсолютті есімшелі орам.

### **4 Докторанттың өздік жұмысы тақырыптарының үлгілі тізбесі**

1 Мамандық бойынша ғылыми мәтінді оқу тіліне жазбаша аудару. Мәтін көлемі – 100 000 баспа таңбасы.

2 Мамандық бойынша ерекше мәтінді зерделеп оқу. Көлемі 2 000-2 500 баспа таңбасы. Жұмысты орындау уақыты – 45–60 минут. Тексеру түрі: алынған ақпаратты жеткізу оқу тілінде жүзеге асырылады.

3 Мамандық бойынша сайма-сай ғылыми мақалаға түсініктеме жазу және рефераттау. Көлемі 2 500-4 000 баспа таңбасы.

4 Докторанттың диссертациялық зерттеуінің ғылыми тақырыптамасы бойынша терминдер сөздігін құрастыру.

5 Докторлық жұмыстың мазмұны бойынша баяндаманы құрастыру. Көлемі 3 000-4 000 баспа таңбасы.

### **5 Қорытынды бақылау**

Ағылшын тілі бойынша емтихан екі кезеңмен өткізіледі.

Бірінші кезеңде докторант мамандық бойынша ғылыми мәтіннің оқу тіліне жазбаша аудармасын орындайды. Мәтін көлемі – 100 000 баспа таңбасы. Аударма сапасы сынақ жүйесі бойынша бағаланады.

Жазбаша аударманы сәтті орындау емтиханның екінші кезеңіне жіберу шарты болып табылады.

Емтиханның екінші кезеңі ауызша өткізіледі және оған үш тапсырма кіреді:

- мамандық бойынша ерекше мәтінді тез (қарап шығып) оқу. Көлемі – 1 000–1 500 баспа таңбасы. Орындау уақыты – 5-6 минут. Тексеру түрі – алынған ақпаратты оқу тілінде жеткізу;

- мамандық бойынша ғылыми мәтінді ауызша рефераттау. Көлемі – 1 500–2 500 баспа таңбасы. Орындау уақыты – 10-15 минут. Тексеру түрі – алынған ақпаратты оқу тілінде жеткізу;

- докторанттың мамандығымен және ғылыми жұмысымен байланысты мәселелер бойынша емтихан алушылармен шетел тілінде әңгімелесу түрінде диалогтық сөйлеу – 10-15 минут.

## **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі**

1. Cambridge First Certificate in English. – Cambridge : Cambridge University Press. – 2000 : Examination papers from the University of Cambridge Local Examinations Syndicate. – Cambridge, 2000. – 111 с.

2. Крупаткин Я.Б. Читайте английские научные тексты / Я.Б. Крупаткин. – М. : Высшая школа, 1991. – 158 с.

3. Рейман Е.А. обороты речи английской обзорной научной статьи / Е.А. Рейман, Н.А. Константинова. – Л. : Наука, 1978. – 246 с.

4. Учебное пособие по техническому переводу / С.М. Айзенкоп и др. - Ростов-на-Дону : Феникс, 2001. – 352 с.

5. Основы публичной речи. Learning to Speak in Public : учебное пособие для ВУЗов / И.С. Тихонова, Т.С. Самохина, Е.Л. Фрейдина. – М. : Владос, 2008. – 136 с.

6. Миньяр-Белоручева А.Н. Англо-русские обороты научной речи / А.Н. Миньяр-Белоручева. – М. : Флинта-Наука, 2009. – 141 с.

7. Рябцева Н.К. Научная речь на английском языке. Новый словарь справочник активного типа / Н.К. Рябцева. – М. : Флинта, 1999. – 600 с.

8. Зильберман Л.И. Пособие по обучению чтению английской научной литературы (структурно-семантический анализ текста) / Л.И. Зильберман. – М. : Наука, 1981. – 208 с.

9. Михельсон Т.Н. Пособие по составлению рефератов на английском языке / Т.Н. Михельсон, Н.В. Успенская. – Л. : Наука, 1980. – 283 с.

10. Маркушевская Л.П. Аннотирование и реферирование. Методические рекомендации для самостоятельной работы студентов / Л.П. Маркушевская, Ю.А. Цапаева. – СПб. : ГУ ИТМО, 2008. – 51 с.

11. Большой универсальный учебник немецкого языка для продвинутой ступени обучения. – 4-е издание стер. – М. : Язык и литература, 2006. – 648 с.

12. Драненко Г.Ф. Français. DALF (niveau avancé). Учебное пособие для высших учебных заведений. Уровень B2-C2. Для подготовки к экзаменам DELF-DALF / Г.Ф. Драненко. – Київ : Ірпінь : ВТФ Перун, 2000. – 232 с.
13. Шахова Н.И. Learn to Read Science. Курс английского языка для аспирантов и научных работников / Н.И. Шахова. – М. : Наука, 1993. – 142 с.
14. Pamela J. Sharpe TOEFL PBT (Paper-Based Test). 12<sup>th</sup> Edition. Barron's Educational Series, Inc, 2006. – 812 с.
15. Broukal, Milada. The Heinle & Heinle TOEFL Test Assistant: Grammar : учебное пособие / М. Broukal. – М. : Астрель : АСТ, 2004. – 178 с.
16. Broukal, Milada. The Heinle & Heinle TOEFL Test Assistant: Vocabulary : пособие по английскому языку / М. Broukal. – М. : Астрель : АСТ, 2004. – 182 с.

### **Қосымша**

1. Erin McKean. The New Oxford American Dictionary. – 2<sup>nd</sup> ed. Oxford University Press, 2005.
2. Краткий англо-русский технический словарь / Ю.А. Кузьмин, В.А. Владимиров, Я.Л. Гельман и др. – М. : Московская международная школа переводчиков, 1992. – 250 с.
3. Большой англо-русский политехнический словарь : в 2 т. / С.М. Баринов, А.Б. Борковский, В.А. Владимиров, Д.Е. Столяров, Ю.А. Кузьмин ; Руссоб. – М., 2007.
4. Peg Sarosy, Kathy Sherak. Lecture Ready. Oxford University Press, 2006. – 120 с.
5. Научно-технические журналы на английском, немецком и французском языках.
6. Advanced English Practice. 3-d edition. B.D. Graver. Oxford University Press. 1999.
7. Alexander L.G. Longman English Grammar Practice for Intermediate students. Longman, 1997.
8. Macmillan Study Dictionary, 2011.
9. Отраслевые двуязычные словари: русско/казахско-английский (немецкий, французский).

### **Авторлар ұжымы**

1. Жантасова Д.Д., ҚарМТУ-дың кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.
2. Пак Ю.Н., ҚарМТУ-дың ОӘБ жетекшісі, техника ғылымдарының докторы, профессор.
4. Юдинцева А.В., ҚарМТУ-дың аға оқытушысы.